

# Turkic Weekly

2018/105





## **Turkic Weekly 2018 12 (105) (9 сәуір – 16 сәуір)**

**Turkic Weekly** Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

**Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы** шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.

## ӘЗЕРБАЙЖАНДА КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ӨТТІ



11 сәуірде Әзербайжанда президенттік сайлау өтті. Әзербайжан президенті лауазымына сегіз үміткер өтініш білдірді, оның ішінде мемлекет басшысының міндетін атқарушы Ильхам Әлиев те болды. Сонымен қатар, сайлауға келесі үміткерлер қатысты:

- «Әзербайжан Халық майданы» партиясынан – Гудрат Гасангулиев;
- Өзін ұсынушы – Захид Орудж;
- «Демакратиялық партия» – Сардар Мамедов;
- «Заманауи Мусават» партиясынан – Хафиз Гаджиев;
- «Әзербайжанның Әлеуметтік-демократиялық» партиясынан – Араз Ализаде;
- «Ұлттық жаңғыру қозғалысынан» – Фарадж Гулиев;
- «Майданшылардың бастамашыл тобынан»– Рази Нуруллаев.

2016 жылдың күзінде Әзербайжан Конституциясында жасалған өзгерістерге сәйкес ел президенті жеті жыл мерзімге сайланады. Әзербайжанда сайлаушылардың белгілі шегі жоқ, сайлау сайлаушылардың кез-келген санымен жарамды болып саналады.


Негізінде Әзербайжанда келесі президенттік сайлау 17 қазанда өтпекші болған. Алайда, 5 ақпанда мемлекет басшысы Ильхам Әлиев сайлауды мерзімінен бұрын 11 сәуірде өткізу туралы бұйрыққа қол қойды.

Атап айтқанда, өткен сайлауда И.Әлиев сөзсіз жеңіске қол жеткізді: француз әлеуметтанулық зерттеулер институты жүргізген Opinion Way нәтижелері бойынша И.Әлиевке сайлаушылардың 86,53 пайызы дауыс берді. Американдық компания Arthur J.Finkelstein and Associates (AJF) осындай ақпарат берді: 85,57%. Ел тәуелсіз зерттеу орталығының деректері бойынша 82,71% дауыс.

Сайлау учаскелері жергілікті уақыт бойынша сағат 19.00-де жабылды (Мәскеу уақытымен 18.00-де).

Ильхам Әлиев Әзербайжанның көшбасшысы болып 2003 жылдан бастап, 2008 және 2013 жылдары қайта сайланды. Оның есімі Әзербайжанда тұрақтылықпен, қоғамдағы келісіммен және елдің табысты дамуымен байланысты.

## ҚЫРҒЫЗСТАН ПРЕЗИДЕНТІ С.ЖИЕНБЕКОВ ТҮРКИЯҒА РЕСМИ САПАР ЖАСАДЫ



9-11 сәуір күндері Қырғызстан президенті Сооранбай Жиенбеков Түркияға ресми сапармен барып қайтты. Мемлекет басшылары түркітілдес екі ел арасындағы әріптестік байланыстар туралы мәселелерді талқылады. Кездесу нәтижесінде инвестиция, ауыл шаруашылығы және азаматтарды әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша бірқатар келісімдерге қол қойылды. Түркия республикасының президенті Р.Т.Ердоған Түркітілдес елдер кеңесінің кезекті саммиті қыркүйек айында Бішкек қаласында өтетінін хабарлады.

Екіжақты кездесуден кейінгі баспасөз конференциясында Р.Т.Ердоған Қырғызстанның Түркия үшін ерекше ел екенін мәлімдеді.

Ал С.Жиенбеков өзінің Түркияға сапарын Қырғызстанның сыртқы саясатындағы маңызды қадам деп бағалайтынын айтты.



## ҚЫРҒЫЗСТАН ЕО-ПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ШЕҢБЕРІН КЕҢЕЙТУДЕ



11-12 сәуірде Қырғызстан президенті С.Жиенбеков жұмыс сапарымен Брюссельде болып, «ЕО – Орталық Азия» стратегиясының аясында Қырғыз Республикасы мен Еуроодақ арасындағы әріптестік туралы жаңа келісімге қол жеткізді. Бішкек ел экономикасындағы жетекші секторлар үшін еуропалық инвестицияларға мүдделі болса, Брюссель Орталық Азия үшін жаңа стратегия әзірлеп, осыған жағдай жасауда.

Қырғызстан басшысы сапар барысында Еуроодақ институттарында болып, ЕО жоғары өкілі Федерико Могеринимен және Еурокомиссияның басшысы Жан-клюд Юнкермен кездесті.

## «ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ



12 сәуірде Астанада Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тілінде 100 жаңа оқулық» жобасы аясында оқулықтардың таныстырылымы өтті.

Іс-шара барысында Н.Назарбаевқа «Рухани жаңғыру» қоғамдық санасын жаңғырту бағдарламасының аясында қазақ тіліне аударылған және жарық көрген 18 оқулық ұсынылды. Қазақстан Президенті кітаптардың қазақ тіліне аударылуы түпнұсқадан жасалынғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы бұл оқиға қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасында жаңа кезеңге жол ашқанын айтты.

Бұл – кеңейтілген энциклопедиялық іздеу арқылы адамзат дамуының мүмкіндіктеріне жол ашатын кезең. Енді интеллектуалды дамудың арқасында рухани революция басталады», – деді Н.Назарбаев.

Қазақстан Президенті қазіргі жағдайда әлемнің дамуы негізінен, алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану мақсаты мен түсіну маңыздылығын көрсете отырып, инженерлік ғылымдардың әлеуеті бойынша анықталатынына назар аударды.

Сонымен қатар ол Қазақстанның латын әліпбиіне көшу мәселесіне тоқталды: «Біз жаңа алфавитті баяу енгізуіміз керек. Мен күн сайын Абайдың сөздерін жаңа алфавитке жазудамын. Мектептегі алфавитті білетіндіктен, бұл өте қиын емес. Алдағы уақытта біз жаңа алфавитті тез енгіземіз деп ойлаймын», – деді Н.Назарбаев. Қазақстан президенті атап өткендей, жақында еліміздің мектептерінде жаңа алфавит енгізіледі.

Екі жоба да Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде ойдағыдай дамуы үшін стратегиялық маңызға ие.

## АРДАНА БОТАЙ - ҚАЗАҚСТАНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ ӘСКЕРИ ҰШАҚТЫ БАСҚАРҒАН ӘЙЕЛ ҰШҚЫШ



Сәуірдің 14-інде ҚР ҚК Әскери әуе күштерінің 53898-әскери базасында аға ұшқыш, нұсқаушы лейтенант Ардана Ботай Л-39 ұшағымен өзінің алғашқы ұшуын жүзеге асырды.

«Жас ұшқыштарды ең бірінші жауаптылыққа, шыдамдылыққа, өздігінен шешім қабылдай білуге баулимыз. Ұшқыш өз күшіне сенімді болуы керек, бүгін лейтенант Ботай осы үдеден көріне білді» деді Ардананы өздігінен ұшуға дайындаған эскадрилья командирі, майор Самат Мұқаев.

Қазақстан Қорғаныс министрлігінің баспасөз баянында өздігінен ұшу әр ұшқытың өсу баспалдағындағы аса маңызды кезеңдердің бірі екендігі айтылған. Бұл оқиға, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның қарулы күштерінің дамуындағы жарқын сәттердің бірі екендігі сөзсіз!